

"Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 1848 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының 1-тармағына, 39-бабына "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Ш.Мұқанға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Шымкент қаласының әкімі

М.Әйтемов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы " " тамызындағы
№ _____
қаулысына қосымша

"Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Шымкент қаласы бойынша білім саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері,

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарма құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсат тұрғын алабы, Nursultan Nazarbaev даңғылы, 10, индекс 160023

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкімдігінің 29.10.2025 № 5918 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Басқарманың мақсаттары: білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Басқарманың өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан және жеке тұлғалардан қажетті құжаттар мен ақпараттарды сұрауға және алуға;

- басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ұйымдар мен шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға;

- Шымкент қаласының әкімдігі мен мәслихаты бекітетін бағдарламалардың жобаларын дайындауға қатысуға;

- басқарманың құзіретіне кіретін мәселелер бойынша қала әкімдігінің қаулыларын, өкімдері мен актілерінің жобаларын дайындауға;

- білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді ұйымдастыруға;
- балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;
- заңнамамен белгіленген тәртіпте кәмелетке толмағандарға қатысты қамқоршылық пен қорғаншылық бойынша функцияларды жүзеге асыруға;
- уәкілеттік органдар мен білім беру мекемелерінің балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестік жасауын дамытуға көмек көрсетуге;
- өңірде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша балалардың шығармашылығына қолдау көрсету ретінде меценаттық пен қайырымдылық жасау дәстүрлерін дамытуға көмек көрсетуге;
- өңірдегі басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардан Басқармаға жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратып алуға;
- өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін өзгерту мен толықтыру жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуге;
- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерімен айналысатын халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен өңірдегі балалардың жағдайын жақсарту бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізуге;
- балалық шақ, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерін жариялау бойынша баспа қызметін жүзеге асыруға;
- басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына, сот отырыстарына қатысуға;
- басқарманың құзыретіне кіретін мәселелерді пысықтау үшін белгіленген тәртіпте ғылыми және өзге де ұйымдарды, сондай-ақ жекелеген ғалымдарды, мамандар мен сарапшыларды тартуға;

2) Міндеттері:

- білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау;
- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, орта білім жүйесін ақпараттандыру;
- еңбек нарығында бәсекелестікке бейім мамандар мен жұмысшыларды даярлау, олардың біліктілігін көтеру;
- ұлттық және жалпы адами құндылық, ғылым мен тәжірибеге қол жетімділік негізінде кәсіби тұлға қалыптастыруға бағытталған, сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және тәндік мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыру, адамды жеке тұлға ретінде дамыту үшін жағдайлар жасай отырып, оның ой өрісін байыту;

- азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу; республиканың қазақ және басқа да халықтарының тарихын, дәстүрі мен салтын оқыту, мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін меңгерту;

- педагогика қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру;

- қоғам мен экономиканың талаптарына сай білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- оқушылардың кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету;

- жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік серіктестіктермен белсенді өзара іс-қимыл жасасу жолымен техникалық және кәсіби білім беруді қамтамасыз ету;

- мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алуына арнайы жағдайлар жасау;

- баланың құқықтары туралы Конвенцияны, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңын және балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша өзге де заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді іске асыруды қамтамасыз ету;

- әлеуметтік жетімдіктің, балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің және еңбегін қанаудың алдын алу және ескерту, өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға көмек көрсету, балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу;

- ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық орналастырудың түрлі нысандарын дамыту;

- баланың құқықтары туралы Конвенцияның ережелерін іске асыру мониторингі, балалардың әлеуметтік әл-ауқатын талдау және болжау, өңірдегі балалардың өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- баланың құқықтары және оларды іске асыру жолдары туралы халықты ақпараттандыру деңгейін арттыру.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі және қала әкімдігінің қаулыларына сәйкес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды жүзеге асыру;

2) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

3) кешкі (ауысымды) оқыту нысанын және интернат үлгісіндегі білім беру ұйымдары арқылы ұсынылатын орта білім беруді қоса алғанда, орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды қамтамасыз етеді;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды ұйымдастырады;

6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді ұйымдастырады;

7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітуді ұйымдастырады;

8) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді ұйымдастырады;

9) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді ұйымдастырады;

10) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге, оның ішінде шығармашылық және спорттық бағыттар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді ұйымдастырады;

11) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

12) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жыл сайын 1 тамызға дейін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

13) балаларға арналған қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу

құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

15) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

16) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

17) дарынды балаларды мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқытуды қамтамасыз етеді;

18) республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын, ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

19) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

20) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

21) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

22) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

23) мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

25) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

26) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы ұсыныстар енгізеді;

27) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

28) білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша білім беруді басқару органының бірінші басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

30) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

31) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

32) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

33) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

34) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз етеді;

35) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

36) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

37) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

38) конкурс жеңімпаздарына – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдарға "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын төлейді;

39) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

40) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

41) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарды басқару бөлігіндегі өкілеттігі:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарда байқау кеңесін енгізу туралы қала әкімдігіне ұсыныстар енгізу;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі туралы ережені, байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін бекіту;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларына сәйкес байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды конкурстық іріктеуді жүргізу;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның байқау кеңесінің құрамын қалыптастыру және бекіту;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- таза табыстың бір бөлігін аудару мөлшерін айқындау және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның иелігінде қалған таза табысты бөлу қағидаларын (саясатын) бекіту;
- еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілеу;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілеу;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтеріне сыйақы беру және өзге де сыйақы беру тәртібі туралы ережені бекіту, сондай-ақ материалдық көмек көрсету;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарда ішкі аудит қызметін құру туралы шешім қабылдайды;
- шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның байқау кеңесінің ұсынысы бойынша кәсіпорынның басшысын, оның орынбасарларын және бас бухгалтерін қызметке тағайындайды және оның алдын ала келісімі бойынша қызметтен босатады;
- ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларының ұсынуы бойынша басшыларының орынбасарларын, бас бухгалтерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларына, басшыларының орынбасарларына, бас бухгалтерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

- "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда қарау, келісу және даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту;

- даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асыру;
- олардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру.

42) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінде заңға мойынсұнушылық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді ендіреді және іске асырады, сондай-ақ бағдарламалар мен әдістемелерді іске асырудың, сондай-ақ зерттеу қорытындыларының сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтық сауаттылығы мен қорғалу деңгейіне зерттеулер жүргізеді;

43) мемлекеттік органдармен бірлесіп, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі іс-шараларды өткізеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы әкімдігінің 30.07.2025 № 4177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2025 № 5918 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды басқарма басшысы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қала әкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

- 1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;
- 2) Басқарма қызметкерлерін, сондай-ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 3) Басқарма қызметкерлерінің, Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды;
- 4) Басқарманың жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 5) Басқарманың атынан әрекет етеді;
- 6) сенімхаттар береді;
- 7) өз уәкілеттігі шегінде барлық Басқарма қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлеріне, қарамағындағы ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

9) Басқарманың ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

10) Басқармада "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының орындалуына дербес жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін тиісті бұйрық негізінде оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Шымкент қаласының білім басқармасының "Әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) алып тасталды - Шымкент қаласы әкімдігінің 30.07.2025 № 4177 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

3) Шымкент қаласының білім басқармасының "А.С. Пушкин атындағы № 1 мектеп-гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

4) Шымкент қаласының білім басқармасының "А.Бөкейханов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ұлықбек атындағы №3 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Шымкент қаласының білім басқармасының "Х. Досмұхамедов атындағы №4 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Шымкент қаласының білім басқармасының "Молда Мұса атындағы №5 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ж. Баласағұн атындағы №6 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) Шымкент қаласының білім басқармасының "К.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) Шымкент қаласы білім басқармасының "Мұхамед Хайдар Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ө. Жолдасбеков атындағы №9 лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ақпан батыр атындағы №10 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) Шымкент қаласының білім басқармасының "А. Навои атындағы №11 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) Шымкент қаласының білім басқармасының "М. Горький атындағы №12 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) Шымкент қаласының білім басқармасының "Мукими атындағы №13 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) Шымкент қаласының білім басқармасының "Айбек атындағы №14 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) Шымкент қаласының білім басқармасының "Д.И. Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

18) Шымкент қаласының білім басқармасының "№16 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) Шымкент қаласының білім басқармасының "Лермонтов атындағы №17 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ш. Уалиханов атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 21) Шымкент қаласының білім басқармасының "Өзбекәлі Жанібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) Шымкент қаласының білім басқармасының "Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 23) Шымкент қаласының білім басқармасының "А.П. Чехов атындағы №21 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) Шымкент қаласының білім басқармасының "Қорқыт ата атындағы №22 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 25) Шымкент қаласының білім басқармасының "З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 26) Шымкент қаласының білім басқармасының "Саттар Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) Шымкент қаласының білім басқармасының "Т. Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 28) Шымкент қаласының білім басқармасының "Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 29) Шымкент қаласының білім басқармасының "№27 "Мәртөбе жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 30) Шымкент қаласының білім басқармасының "№28 жалпы орта білім беретін мектебі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 31) Шымкент қаласының білім басқармасының "А. Молдағұлова атындағы №29 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 32) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ораз Жандосов атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 33) Шымкент қаласының білім басқармасының "Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 34) Шымкент қаласының білім басқармасының "Абай атындағы №32 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 35) Шымкент қаласының білім басқармасының "Кенесары Қасымұлы атындағы №33 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 36) Шымкент қаласының білім басқармасының "Гагарин атындағы №34 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 37) Шымкент қаласының білім басқармасының "М. Маметова атындағы №35 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 38) Шымкент қаласының білім басқармасының "Қазыбек би атындағы №36 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 39) Шымкент қаласының білім басқармасының "Фуркат атындағы №37 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 40) Шымкент қаласының білім басқармасының "Н. Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 41) Шымкент қаласының білім басқармасының "М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 42) Шымкент қаласының білім басқармасының "Алпамыс батыр атындағы №40 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 43) Шымкент қаласының білім басқармасының "А.Макаренко атындағы №41 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 44) Шымкент қаласының білім басқармасының "Хамза атындағы №42 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 45) Шымкент қаласының білім басқармасының "№43 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 46) Шымкент қаласының білім басқармасының "Б. Момышұлы атындағы №44 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 47) Шымкент қаласының білім басқармасының "№45 мектеп-гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 48) Шымкент қаласының білім басқармасының "№46 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 49) Шымкент қаласының білім басқармасының "Т. Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 50) Шымкент қаласының білім басқармасының "№48 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 51) Шымкент қаласының білім басқармасының "№49 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 52) Шымкент қаласының білім басқармасының "Ахмет Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 53) Шымкент қаласының білім басқармасының "№51 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 54) Шымкент қаласының білім басқармасының "№52 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 55) Шымкент қаласының білім басқармасының "Сабыр Рахымов" атындағы №53 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 56) Шымкент қаласының білім басқармасының "№54 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 57) Шымкент қаласының білім басқармасының "№55 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 58) Шымкент қаласының білім басқармасының "С. Көбеев атындағы №56 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 59) Шымкент қаласының білім басқармасының "№57 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 60) Шымкент қаласының білім басқармасының "№58 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 61) Шымкент қаласының білім басқармасының "№59 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 62) Шымкент қаласының білім басқармасының "№60 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 63) Шымкент қаласының білім басқармасының "№61 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 64) Шымкент қаласының білім басқармасының "№62 Н. Төрекұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 65) Шымкент қаласының білім басқармасының "№ 63 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
